

№ исх: 2043-3-4165/14-3 от:  
12.05.2017

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16



**МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, город Астана, «Дом министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

*2017 жылғы 21 сәуірдегі  
№ ДС-114 хатқа*

**Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі  
депутаттары,  
«Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелеріне,  
«Халық коммунистері»  
партиясының мүшесіне**

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Ұлттық бірыңғай тестілеу туралы депутаттық сауалға қатысты ақпаратты  
қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша: 2 бетте.

**Министрдің  
міндетін атқарушы**

**Б. Асыллова**

*Орынд: Н. Дидарбекова,  
тел.: 74-25-27  
Эл. мекенж.: n.didarbekova@edu.gov.kz*

№ исх: 2043-3-4165/14-3 от: 12.05.2017

2017 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хатқа  
қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Ұлттық бірыңғай тестілеуге (бұдан әрі – ҰБТ) қатысты депутаттық сауал бойынша келесіні хабарлайды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 2017 жылғы 1-қаңтардан бастап ҰБТ жоғары оқу орындарына түсуге арналған іріктеу емтихандарының бір нысаны болып табылады.

ҰБТ-ның жаңа форматы әр түрлі елдерде емтихандарды өткізудің халықаралық тәжірибесін сараптау нәтижесінде әзірленді. Осылайша, біз мектеп бітіру емтихандары мен жоғары оқу орындарына түсу емтихандары бөлек өткізілетін Жапония, АҚШ, Израиль сынды елдердің тәжірибесін назарға алдық.

Ал ҰБТ-ның мазмұндық жағына келетін болсақ, әр пән бойынша тест тапсырмалары Министрлік бекітетін ҰБТ-ға арналған тест спецификациясына сәйкес әзірленеді.

Халықаралық тәжірибе бойынша оқу сауаттылығын бағалауда әр түрлі форматтағы мәтіндер, яғни жалпылама және жалқы мәтіндер қолданылады. Жалпылама мәтіндерге бір дүниені көркем-әдеби тілде суреттеу және техникалық сипаттамасын жасау, белгілі бір тақырыптарды талқылау, баяндау, ол туралы пікірін, көзқарасын білдіру жатады. Жалқы мәтіндерге ақпараттық парақшалар, хабарландырулар, шақырулар, кестелер және графикалар, диаграммалар, карталар т.б. кіреді.

Ал байқау сынағында жарияланған «Бұдан кейін кино түсіремін бе, білмеймін» мәтіні жалпылама мәтінге жатады. Педагогикалық өлшем ережелеріне сәйкес оқу сауаттылығын бағалау үшін мәтіндерді әр түрлі ашық дереккөздерден пайдалануға болады (кітаптар, сөздіктер, энциклопедиялар, әр түрлі ғылыми-көпшілік сайттар, газеттердегі мақалалар және т.б.). Әлеуметтік желіде сыналған сұрақ бойынша, мәтін белгілі кинодраматург, режиссер Ермек Тұрсыновпен сұхбаты пайдаланған.

Дереккөз <https://www.dalanews.kz/17266> сайтынан алынған. Дәл осы сұхбат «Қала мен дала» республикалық әлеуметтік-саяси газетінің сайтында 2016 жылғы 10 шілдеде жарияланған.

Берілген мәтінде белгілі тұлғаның жеке өмірі туралы сұрақ кездеспейді. Режиссердің отандық кино саласына қатысты жалпы көзқарасы берілген.

Баян Есентаева мен Нұртас Адамбайдың есімдері сұхбат мәтінінде кездесетіндіктен, №14 тапсырмада дистрактор (бұрыс жауап) ретінде қолданылған. Осындай дистракторларды іріктеу әдісі тест тапсырмаларын шығару барысында қолданады. Оқушы алдында мәтінмен танысып, тест тапсырмасына жауап беруге тиісті ақпарат алу үшін сұхбат мәтіні беріледі.

Оқу сауаттылығының сұрақтары сөз мағынасы мен мәтін құрылымын түсіну, дәлелдер келтіре білу, жеке ойы мен тәжірибесіне сүйене отырып, ой қорыту дағдыларын сынау үшін арналған.

Мәтін жоғарыда айтылған дағдыларды қалыптастыру, дамыту, қабілеттерін тексеру үшін берілген. Сонымен қатар, мәтінде оқушының психологиялық жай-күйіне кері әсерін тигізетіндей ақпарат берілмеген.

Бұл ретте қоғамда шу тудырған тест тапсырмасы тек сынама (байқау) тестілерінде ғана кездескендігін атап өтеміз. Қазіргі уақытта аталған сұрақ сынама (байқау) тест тапсырмалары базасынан алынып тасталды. Ал Ұлттық тестілеу орталығында (бұдан әрі – ҰТО) оқу сауаттылығы бойынша әзірленген барлық тест тапсырмаларын қайта сараптамадан өткізді.

Е.Тұрсыновтың сұхбатын оқу сауаттылығы бойынша пайдаланған тестолог әзірлемешілер құрамынан шығарылып, ҰТО-дағы сарапшыларға қатаң ескерту жасалды.

Сонымен қатар, Сіздердің ҰБТ жүйесіне қатысты талаптарыңыз бойынша төмендегіні хабарлаймыз:

біріншіден, ҰБТ-да оқу сауаттылығынан басқа барлық пәндерден тест тапсырмалары Министрлік бекіткен оқулықтар мен оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді. Бірақ оқу сауаттылығын тексеруге арналған мәтіндерге құрылған тест тапсырмаларында мектеп бағдарламасының тақырыптары қамтылады.

екіншіден, 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңының 12-бабы 36-тармағына сәйкес ҰБТ-ға арналған тест тапсырмаларының мазмұны мен жауап кілттері мемлекеттік құпия болып табылады. ҰБТ өткізетін орындарда тестілеудің нәтижесі жарияланғаннан кейін ғана тест тапсырмаларының құпиялылығы жойылады.

Осылайша ҰБТ өткенге дейін тест тапсырмаларын қоғамдық талқылауға ұсыну мүмкін емес болып табылады.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Исәнар 2017 ж. № 163-ісс

Астана қ.

г. Астана

### Исәнар туралы

:

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына, 38-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қытай Халық Республикасының Білім министрі Юань Гуйжәнмен кездесу үшін және «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Білім министрлігінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы 2003 жылғы 3 маусымдағы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамасы» ведомствоаралық шартқа қол қою салтанатты іс шарасына, сонымен бірге «Бір белдеу – бір жол» Форумына қатысу үшін 2017 жылғы 12-14 мамырда Қытай Халық Республикасының Пекин қаласына іссапарға барамын.

2. 2017 жылғы 12-14 мамырда министрдің уақытша міндетін атқару Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктеймін

3. Қаржы департаменті (А. Өтешова) іссапар шығыстары мен көлік шығыстары Алматы – Пекин – Алматы бағыты бойынша 005 «Шетелдік іссапарлар» бағдарламасы аясында төленетінін ескерсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Бірінші басшының кеңесшісі Б.Ж. Маликовтің қызметтік жазбасы.

Министр



Е. Сағадиев

012040